

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген күндер: 2026 жылғы 1-8 шілде

Респонденттер саны: 16

(AERC, Alatau City Bank, Alatau City Invest, BCC Invest, Citigroup, Halyk Finance, ING, NAC, AKPA, Еуразиялық даму банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)

Сауалнама нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2025 (факт)	2026	2027	2028
Brent маркалы мұнай бағасы 1 баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	69,1	84,6 (86,1)	75,0 (75,0)	71,8 (70,5)
ЖІӨ өсімі %, ж/ж	6,5*	4,8 (4,9)	4,6 (4,7)	4,3 (4,3)
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	12,3	10,0 (10,0)	7,8 (8,0)	6,8 (6,8)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жыл соңына	18,0	16,0 (16,0)	12,8 (12,8)	10,6 (10,6)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	90,1	94,5 (95,0)	95,0 (95,5)	97,0 (101,0)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	80,3	82,7 (83,3)	85,2 (88,0)	87,7 (94,3)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	521,6	500,0 (498,8)	532,1 (531,5)	566,6 (562,5)
Бейтарап базалық мөлшерлеме** Жылдық %	9,8 (9,8)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімде өсуі*** %, ж/ж	4,4 (4,5)			
5 жылдан кейінгі инфляция %, ж/ж	5,4 (5,4)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ: 2026 жылға Brent маркалы мұнай бағасы бойынша күтулер біршама төмендеп, бір баррель үшін **84,6** АҚШ долларын құрады, 2027 жылға – бір баррель үшін **75 АҚШ** доллары деңгейінде сақталды, 2028 жылға – бір баррель үшін **71,8** АҚШ долларына дейін біршама өсті.

* ЖІӨ – ҚР СЖЖРА ҰСБ-ның 2025 жылғы қаңтар-желтоқсанға жедел деректері

** Базалық мөлшерлеме деңгейі – бұл ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляцияны, инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұратын мөлшерлеме

*** Алдағы 5 жылдағы әлеуетті ЖІӨ-нің күтілетін орташа өсу қарқыны

ЖІӨ ӨСІМІ. Қазақстан экономикасының өсуі бойынша болжамдар 2026–2027 жылдарға аздап түзетілді. Осылайша, 2026 жылы ЖІӨ өсімі **4,8%** деңгейінде, 2027 жылы – **4,6%** деңгейінде күтіледі. 2028 жылға арналған болжам **4,3%** деңгейінде сақталды.

ТБИ. Сарапшылардың 2026 жылға арналған инфляция бойынша болжамы **10%** деңгейінде сақталды, 2027 жылға – 8%-дан **7,8%**-ға дейін жақсартылды, 2028 жылға – **6,8%** деңгейінде сақталды.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Базалық мөлшерлеме бойынша күтулер медианасы бүкіл болжамды кезеңде өзгерген жоқ. 2026 жылдың соңына арналған болжам **16%**-ды, 2027 жылға – **12,8%**-ды, 2028 жылға – **10,6%**-ды құрайды.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдары айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. 2026 жылға арналған болжам **94,5** млрд АҚШ долларын, 2027 жылға – **95** млрд АҚШ долларын, 2028 жылға – **97** млрд АҚШ долларын құрайды.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Респонденттердің тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша болжамдары біршама төмендеді және бүкіл болжамды кезеңде **82–88** млрд АҚШ доллары аралығында қалыптасуда.

USD/KZT БАҒАМЫ. Сарапшылардың USD/KZT бағамы бойынша күтулері шамалы өзгерді. 2026 жылы респонденттер USD/KZT бағамы жылдық орташа есеппен бір АҚШ доллары үшін **500** теңге деңгейінде болады деп күтеді, 2027 жылы – бір АҚШ доллары үшін **532,1** теңге, 2028 жылы – бір АҚШ доллары үшін **566,6** теңге.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, сондай-ақ ЖІӨ-нің әлеуетті деңгейде болуын қолдайтын базалық мөлшерлеме **9,8%** деңгейінде сақталды.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Алдағы 5 жылға арналған әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын бағалау көрсеткіші 4,5%-дан **4,4%**-ға дейін сәл төмендеді.

5 ЖЫЛДАН КЕІІНГІ ИНФЛЯЦИЯ. Респонденттердің 5 жылдық кезеңде инфляциялық күтулері **5,4%** деңгейінде сақталуда.

Көптеген макрокөрсеткіштер бойынша **болжам диапазоны** барлық болжамды кезең бойында әлі де кең ауқымда сақталып отыр. Ал олардың динамикасы әртүрлі бағытта қалыптасып келеді. Бұл сарапшылардың ішкі және әлемдік экономиканың жақын аралықта және ортамерзімді даму келешегіне қатысты белгісіздігін көрсетеді.